

Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжінің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері.

Колледж **миссиясы** таңдаған кәсіби сала қызметінде көшбасшы бола білу және заманауи жаһандану үрдісіне орай бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады. Колледж миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін құруда Қазақстан Республикасы 2011 - 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы дамытудың 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасы Президенті - ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және басқа да ҚР деректемелік құжаттары негізге алынды.

Колледж миссиясы, мақсаттары мен міндеттері ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне, бағыттарына сай келеді. Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі мамандарды даярлау деңгейін көтеруге, жеке тұлғалық дамытуды қалыптастыруда және өңіріміздің салаларын дамытуға барынша септігін тигізуде. Колледж миссиясының принциптік ерекшеліктері еңбек нарығына қажетті кәсіби мамандарды даярлауды ұйымдастырудан тұрады және келесідей базистік ережелерден көрінеді:

-еліміздің экономикасы, аграрлық секторы мен өнеркәсіптің жоғары кәсіби кадрлық әлеуетін қалыптастыру үшін **оқимыз**;

-оқуда, карьерда жетістікке жету үшін **оқимыз**;

-мамандық бойынша тәжірибеге бағытталған инновациялық технологияларды қолдану негізінде ғылым мен тәжірибе, оқыту мен тәрбие үрдісінің тығыз байланысында **оқимыз**;

-сабақты педагогикалық және өндірістік жұмыс тәжірибелері мол кәсіби оқытушылар, тәжірибені әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер **оқытады**.

Мақсаты – заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру есебімен сапалы мамандарды даярлау.

Мақсатты басымдық – Қазақстан Республикасы экономикасы, бизнес және білім беру ұйымдары мүдделерін біріктіру арқылы болашақ сапалы мамандарды даярлау.

Келесідей мәселелер шешімін тапқанда ғана колледж алдына қойған мақсаттарды іске асыруда жетістікке жетеді:

1. Еңбек нарығы сұранымының өзгертулер тенденцияларына сәйкес білім беру номенклатурасын кеңейту.
2. Оқу – тәрбие үрдісімен басқару жүйесін әрі қарай жетілдіру.
3. Дуальдық оқыту жүйесінің элементтерін енгізу және модульдік білім беру бағдарламаларын құру.

4. Қазіргі заманға сай еңбек нарығында қажетті, жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және оқушылардың интеллектуалды қабілеттерін дамыту.
5. Оқушыларды отаншылдыққа және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.
6. Оқушыларды тәжірибелік ғылыми - білім беру ортасын құру жағдайында ғылыми – зерттеу жұмыстарына тарту
7. Колледждің оқу, материалдық - техникалық базасын жаңарту және үздіксіз жетілдіру және қызметкерлер мен білім алушылардың оқуы мен жұмыс жасауы үшін ыңғайлы жағдай жасау және қауіпсіздікпен қамту.
8. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, олардың шығармашылық белсенділіктері мен бастамаларын қолдау және ынталандыру.
9. Колледж басқару қызметінің тиімділігі үшін ақпараттық инновациялық жүйелерді енгізу
10. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында колледждің әлеуметтік серіктестігін жетілдіру.